



## КИЕЛІ МЕКЕНДІ ДАМУДЫҢ ЕКІНШІ КЕЗЕҢІ ЖҰРУДЕ

Түркістан қаласы облыс орталығы атанғалы қаланың екінші тынысы ашылды. Тарихтың парақтарына таңбаланған үш жылда рухани орда танымастай түрленді. Ал тәуелсіздіктің 30 жылында аймақта да атқарылған ауқымды жұмыстар жетіп артылады. Бұл туралы өткен аптада ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі алаңында Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев «Мемлекет басшысының Жолдауы аясындағы өңірдің дамуы туралы» өткен брифинг кезінде айтты.

«Биыл — Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы.

Тарих көзімен қарағанда, аз ғана мерзімде жаңашыл мемлекетіміздің негізі қаланды, қоғамдық сана жаңғырды, Отанымыз өркендеді. Алған асуларымыз мен шыққан биіктерімізді Елбасының есімімен бірге айтудың тарихи негізі бар. Тәуелсіздік жылдарда жалпы халықтың әл-ауқаты жақсарды. Өр өңірде ірі жобалар іске асырылды. Мәселен біздің өңірде ірі экспорттаушыларға айналған «Кентау трансформатор зауыты», «ҚазақБитум», «Күйдірілген кірпіш өнімдерін шығаратын Бөкей», «Нимекс мақта тазалау зауыты», «Мақта өңдеу зауыты», «Ордабасы құс фабрикасы», «Құрғақ түйе сүтінің ұнтағын шығаратын Golden Camel», «Балық өнімдерінің өндірісі Хамит и К», «DalaFruit» сияқты компаниялар құрылды. Бұл экономикалық өсімнің жарқын көрсеткіші болды. Бұдан басқа 300-ге жуық кәсіпорын ашылып, онда 23 мыңға жуық адам жұмыс атқаруда», — деді облыс әкімі.

Өмірзақ Шөкеев индустриаландыру жылдары (2010-2020 жж.) 140,5 млрд. теңгеге 122 жоба іске асырылып, 7 340 тұрақты жұмыс орны ашылғанын атап өтті. Индустриаландыру картасы аясында жобаларды іске асыру бұрын өзімізде өндірілмейтін және негізінен экспортқа бағытталатын 12 өнім түрі бойынша өндірісті дамытуға мүмкіндік берді.

«Кеңестік заманда жүзеге аспай, арманға айналған жобаларды атап айтсақ, Сырдария өзенінен «Тәуелсіздік көпірі» салынды. Бұл көпірдің маңыздылығы — збек-



станмен шекаралас орналасқан Жетісай және Мақтаарал аудандарын республикалық А-15 автожолымен тікелей байланыстыруға мүмкіндік берді. Бұған қоса, Жетісай мен Мақтаарал халқын Шардара су қоймасы арқылы облыс орталығымен байланыстыратын «Арнасай айналма жолы» пайдалануға берілді. Ташкент, Алматы және Қызылорда бағытында «Батыс Европа-Батыс Қытай халықаралық транзиттік көлік дәлізі» салынды. Түркістан облыс орталығына айналды. Бұл — Тәуелсіздіктің айтарлық бір жемісі деп санаймыз», — деген өңір басшысы Сырдария бойындағы елді мекендерді су тасқынынан қорғау үшін «Көксамай» су реттегіші мен «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ магистралының салынуын да тәуелсіздіктің ең үлкен жемістері деп атады.

### Туристердің саны артты

Түркістан облысында биылғы жылғы он айда облысқа 1,3 миллионнан астам қонақ келген. Пан-

демияға дейін 2019 жылы келушілер саны 1 миллионнан асса, бытыр, 2020 жылы пандемия кезінде шектеулерге байланысты Түркістан қаласына 300 мыңнан аса адам келген. Осы жылы «жасыл аймақта» болған өңірге келгендер саны 5,5 есеге ұлғайған.

2018 жылмен салыстырсақ, облыста 148 қонақ үй болса, бүгінгі таңда облыста 40 қонақ үй салынды, оның 188-і 8000 орындық, яғни күніне 8000 турист қабылдайтын мүмкіндік бар. Сонымен

қатар, жаңа қонақүйлердің құрылысына инвесторлар тарту, туристердің келуіне оңтайлы жағдай жасау жұмыстары жүргізілуде. Бұл туралы Орталық Коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Өмірзақ Шөкеев мәлім етті.

«Биыл карантиндік шаралар жеңілдегеннен кейін Түркістан қаласында бірқатар халықаралық іс-шаралар өтті. Оның ішінде алты елдің парламенттері өкілдерінің қатысуымен өткен ТүркПА сессиялары, түркітілдес елдер өкілдеріне арналған медиа-форумды атап өтуге болады. Туристік компаниялар мен түркітілдес елдердің БАҚ өкілдері, «Ұлы Жібек Жолы — ұлы мұра» халықаралық форумы және өзге де шаралар келушілер санының артуына ықпал еткен», деді облыс басшысы өз сөзінде.

Атап өтейік, облыс туризм саласын үздіксіз дамыту арқылы 2025 жылы туристер ағыны мен келушілер санын 2 жарым млн. адамға арттыруды жоспарлап отыр.

Жалғасы 2-ші бетте

## ЖОЛАЙРЫҚ - КӨЛІК ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ КЕПТЕЛІССІЗ ЖҰРУІНЕ СЕПТІГІН ТИГІЗЕДІ



**Қарашаның 23 күні жоспарға сай Қонаев пен Рысқұлов көшесіндегі жолайрық құрылысының жұмысы аяқталып елігілігіне берілді. Салтанатты шараға қала әкімі Мұрат Әйтенов арнайы қатысты.**

здеріңізге белгілі, Рысқұлов — Қонаев көшелерінің қиылысындағы жолайрық жобасының құрылысы жобалық-сметалық құжаттама бойынша 2 жылға жоспарланған болатын. Алайда қала орталығындағы ыңғайсыздықтарды ертерек жою үшін, құрылыс жұмыстарының мерзімі қысқартылып, негізгі жұмыстар ағымдағы жылы аяқталды. Бүгінгі күні Қонаев даңғылы арқылы және Рысқұлов көшесі Байтұрсынов көшесінен Дулати көшесі бағытында көліктер қозғалысы ұйымдастырылған. Ағымдағы жылдың 23 қарашасынан бастап, «Жұлдызды 30 күн» іс-шарасы аясында аталған жолайрықта көліктердің қозғалысы барлық бағытқа ұйымдастырылатын болады. Сонымен қатар жолайрықтың құрамында жаяу жүргіншілердің қауіпсіз қозғалуы мақсатында жер асты жаяу жүргіншілер өтпесі және аяқжол салу жұмыстары атқарылуда. Жыл соңына дейін құрылыс жұмыстары, 95 пайызға аяқталып, 2022 жылы қалған абаттандыру жұмыстары жүргізілетін болады.

Жыл өткен сайын Шымкенттегі қалаішілік жолдарда көлік кептелісі көбейіп келеді. Әсіресе, орталық көшелерде иін тірескен автокөліктер тығынын жиі көруге болады. Атап айтқанда, Т. Рысқұлов және Д. Қонаев көшелері қаланың бір шеті

мен екінші шетін жалғайтын ұзын көшелер. Содан болар, мұнда көліктердің кептелісінен туындайтын мәселелер аз емес. Осы ыңғайсыздықтарды шешу мақсатында, қала әкімдігі Д.Қонаев-Т.Рысқұлов пен Бөйдібек би-Аргынбеков көшелерінің қиылысында жолайрық құрылысын салуды жоспарлаған болатын.

2019 жылы Рысқұлов (Қонаев қиылысы) көшелерінің көліктерді өткізгіштігі 27775 авто/тәулік болса, жол құрылысы аяқталғаннан кейін 65820 авто/тәулік өткізу мүмкіншілігіне жоғарылайды. Сонымен қатар 2019 жылы Қонаев (Рысқұлов қиылысы) көшелерінің көліктерді өткізгіштігі 31650 авто/тәулік болса, жол құрылысы аяқталғаннан кейін 75900 авто/тәулік өткізу мүмкіншілігіне жоғарылайды. Жалпы жол айрықтың көлік өткізгіштігі 141720 авто/тәулікті құрайтын болады. Аталған жолайрықтар пайдалануға берілгеннен кейін көліктер тығыны едәуір азаятын болады.

Жалпы Шымкент қаласы халық күннен-күнге қатары көбейіп отырған мегаполистердің бірі. Сондықтан да мұнда көлік кептелісі әлі де болса да түпкілікті шешілмегені анық. Сондықтан да жоспарға сай алдағы уақытта әлі қаланың маңызды көшелерінің бірқатарында жолайрық құрылысын жүргізу жоспарланып отыр. Ал бірнеше жолайрықтардың құрылысы аяқталатын болса, алдағы уақытта көлік кептелісін азаятын сөзсіз. Бұл дүниежүзі мегаполистеріне тән құбылыс.

«Айғақ»-ақпарат.

## Тағайындау

### Нұрлан ЕШЕНҚҰЛОВ -

Бәйдібек ауданының прокуроры



Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2021 жылғы 12 қарашадағы бұйрығымен Нұрлан Сапаралиұлы Ешенқұлов Түркістан облысы Бәйдібек ауданының прокуроры қызметіне тағайындалды.

Нұрлан Сапаралиұлы Ешенқұлов 1978 жылы Сарыағаш ауданында туылған. Білімі жоғары, Өл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университетін «құқықтану» мамандығы бойынша бітірген.

Сыныптық шені — әділет кеңесшісі. Прокуратура органдарындағы еңбек жолын 2000 жылдың тамыз айында Ақтөбе облысы Байғанин ауданы прокурорының көмекшісінен бастаған.

Содан, Ақтөбе облысы прокуратурасының Басқарма прокуроры, Басқарма аға прокуроры, облыс прокурорының аға көмекшісі, Ақтөбе қаласы прокуратурасының бөлім бастығы, Оңтүстік Қазақстан және Түркістан облыстары әкімі аппараты мемлекеттік құқық бөлімінің басшысы, Түркістан облысы прокурорының аға көмекшісі лауазымдарын атқарған.

2020 жылдың мамыр айынан бастап осы мерзімге дейін Түркістан облысы Қазығұрт ауданы прокурорының орынбасары лауазымын атқарды.

## ВИЗИТ ОРТАЛЫҒЫ - ТУРИСТЕРДІҢ ЛЕГІН АРТТЫРАДЫ



Ордабасы ауданы-Түркістан облысындағы туризмге сұранып тұрған бірден бір аудан. Үш жүздің басын қосқан Ордабасы тауы мен табиғи емдік суы бар Амангелді ауылындағы судың шипасы медициналық туризмнің дамуына үлес қосып, бүгінде туристердің көптеп тартылуына өз септігін тигізіп отыр. Дегенмен, сервистік қызметтердің төмендігінен бүгінге дейін туристердің келуіне аздап қолбайлау болып тұрған бұл мекен енді жайнайтын болды. Саланы дамыту мақсатында Визит-орталықтың құрылысы басталды. Ол нысан - қазақ ұлтының қалыптасу кезеңінде үш жүздің басы қосылған Ордабасы тауындағы «Ордабасы» Ұлттық тарихи-мәдени қорығы аумағында бой көтеруде. Орталықта қорық кеңсесі, музей, мәжіліс залдары, ғылыми зерттеу бөлмелері, кітапхана, асхана және жатақхана бөлмелері болмақ. Бір мезетте қорық аумағында 500 адамға қызмет көрсетіліп, 40 адам жұмыспен қамтылатын болады.

Бұдан өзге, ауданға қарасты Амангелді ауылындағы «Amangeldi» емдеу сауықтыру орталығы медициналық туризмнің дамуына тың серпін беруде. Шипажайдың термалдық суы түрлі тері ауруларына ем. Бүгінде ішкі туризмнің дамуына зор үлесін қосып келеді. Шипажайға еліміздің барлық өңірінен ем іздеушілер қатары күннен күнге артауда.

## КИЕЛІ МЕКЕНДІ ДАМУТUDYҢ ЕКІНШІ КЕЗЕҢІ ЖҮРУДЕ

### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ІРІ ЛОГИСТИКАЛЫҚ ХАБ ІСКЕ ҚОСЫЛЫП ЖАТЫР

Түркістан облысының дихандары 2021 жылды толағай жетістіктермен қорытындыламақ. Жыл басынан бері 805,3 млрд. теңгеге ауыл шаруашылығы өнімі өндіріліп, өткен жылмен салыстырғанда 128,7 млрд. теңгеге артты. Ауыл шаруашылығы дақылдары 842,4 мың га егілді. Енді өңірдегі табиғи таза өнімді тұтынушыға тікелей жеткізіп, бір нүктеден сату бойынша «Эко Базар» нысаны іске қосылып жатыр. Осы еліміздегі ірі логистикалық хаб алаңында жұмыс істейтін кәсіпкерлерді қолдау мақсатында 4%-бен несие беретін «Yassy Business» бағдарламасы да іске қосылды.

«Егістікті өртартаптандырудың нәтижесінде көкөніс, бақша, картоп өнімдерінің түсімділігі орташа 20 центнерге өсіп, өткен жылдан 500 мың тоннаға артты. Рекордтық көрсеткішке қол жеткізіліп, 3,3 млн. тонна өнім жиналды.

Бұдан бөлек, азық-түлік белдеуі аясында құны 36,3 млрд. теңгені құрайтын 6 серпінді инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда.

«Бір алқаптан жылына 2-3 өнім алу» жобасы аясында 8,9 мың га 2 878 жоба іске асып, 280 мың тонна көкөніс өнімі жиналды», деді облыс басшысы.



### ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ

Соңғы 3 жылда облыс экономикасына 1,4 трлн. теңгеден астам инвестиция бағытталып, 5 есеге өсті. Биылғы 10 айда инвестиция көлемі 479 млрд. теңгені құрады.

259,1 млрд. теңгеге 69 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарлануда. Жыл басынан 165,9 млрд. теңгеге 26 жоба іске қосылып, 1 536 жұмыс орны ашылды.

Сонымен қатар, ағымдағы жылдың соңына дейін импорт алмастыратын 3 инвестициялық жоба жоспарлануда.

### 3 МЫН ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛАДЫ

Биыл бюджет есебінен Түркістан қаласында 42 тұрғын үй құрылысын тапсыру жоспарлануда. Нәтижесінде 3 мыңға жуық пәтер беріледі. Оның ішінде 600-дей көп балалы, аз қамтамасыз етілген және әлеуметтік осал отбасылар баспанамен қамтылады.

«Жүзеге асып жатқан «Нұрлы жер» бағдарламасы тұрғын үй құрылысына үлкен қарқын берді. 2021 жылдың 10 айында 503,1 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, 2,2%-ға ұлғайды. Бағдарлама аясында барлық қаржы көздері есебінен 13 мыңға жуық пәтерлі 232 тұрғын үй құрылысы жүргізілуде.

Жалпы облыста 1,5 мыңға жуық көппәтерлі тұрғын үй бар», — деді мірзақ Шөкеев.

### ТҮРКІСТАНДА «BINOM SCHOOL» МЕКТЕБІ САЛЫНАДЫ

Апатты және үш ауысымды мектептің мәселесін шешу мақсатында биыл Түркістан өңірінде 78 мектеп құрылысы жүргізілуде. Айта кету керек, бұл — еліміздегі ең үлкен көрсеткіш. «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасына сәйкес 2025 жылға қарай 130 жаңа мектеп салу жоспарланған, оның ішінде биыл 47 мектеп салынады. Бүгінгі таңда 42 мектептің құрылысы аяқталды. Оның жартысына жуығы — жекеменшік мектептер.

«Бағдарлама аясында жыл сайын 108 мектеп жаңғыртудан өтеді. Терендетілген бағытта білім жүйесін дамыту мақсатында

Мемлекеттік-жекешелік өріптестік тетігімен 4 Binom School мектебі салынады. Түркістан қаласында 720 орындық Назарбаев Зияткерлік мектебінің құрылысы аяқталды. 700 оқушыға арналған оқу ғимараты, 500 орындық жатақханасы бар «Дарын» мектеп-интернатының құрылыстары жүргізілуде», — деді мірзақ Шөкеев.



Облыс әкімінің айтуынша, оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін 906 мемлекеттік мектеп толығымен бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етілген. 559 мектептің бейне камерасы полицияның жедел басқару орталықтарына интеграцияланды. Бұл бағытта жұмыстар жалғасады. Облыстағы 945 мектепте 510 мыңға жуық бала оқиды.

### «ЕНБЕК» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША 80 МЫН АДАМ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛДЫ

«Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жыл басынан 80 315 адам жұмыспен қамтылып, 14,4 млрд теңге бағытталды. Бағдарлама аясында мүгедектігі бар азаматтарды жұмыспен қамту мақсатында 2 501 адам жұмысқа орналасты.

«Мүгедектігі бар азаматтарды оңалтудың техникалық құралдарымен және қызметтермен қамтуға 4,5 млрд теңге қарастырылып, 80%-ға қамту жоспарлануда. Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолжетімді орта құру үшін 2 868 нысанға бейімдеу жүргізілді. 14 мемлекеттік мекемеде 7 320 мұқтаж азаматтарға қызмет көрсетуде. Қосымша 200 орындық оңалту орталығының құрылысына 219 млн теңге бөлінді. Нысан құрылысы келесі жылға өтпелі», — деді облыс әкімі.



Облыста «Жұмыспен қамту жол картасы» аясында 34,5 млрд. теңгеге 58 жоба іске асырылып, 2 мыңдай жұмыс орын құрылды. 2021 жылдың II тоқсанына жұмыссыздық деңгейі 5,1% құрады. 41,5 мың отбасыға 11,2 млрд.теңгеге атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды, оның ішінде еңбекке жарамды 47 мың адам жұмыспен қамтылды. Аз қамтылған отбасылардағы 1-6 жастағы 43,8 мың балаға 1,7 млрд. теңгеге кепілдендірілген әлеуметтік пакеттер берілді.

### ҚАЛАНЫ ДАМУТUDYҢ ЕКІНШІ КЕЗЕҢІ ЖҮРУДЕ

Түркістан қаласын түркі әлемінің рухани-мәдени орталығы ретінде дамыту жұмыстары атқарылуда. Арнайы кешенді жоспар әзірленіп, Үкіметпен бекітілді.

Соңғы 3 жылда атқарылған ауқымды жұмыстардың нәтижесінде Түркістан қаласын дамытудың 1-кезеңі аяқталып, негізгі әлеуметтік-инфрақұрылымы қаланды.

Жалпы 445 млрд. теңгеге жаңа 251 жоба іске асып, 123 нысанның құрылысы аяқталды.

Халықаралық өуежай, Әкімшілік-іскерлік және Рухани-мәдени орталықтары салынды, оларды өзара байланыстыратын Б.Саттарханов даңғылы қайта жөндеуден өтті. Арнайы экономикалық және индустриалды аймақтар құрылды.

Қала аумағына Жасыл белдеу орнату мақсатында 13 мың га жерге 3,5 млн. түп ағаш егіліп, толық газдандырылды.

Түркістан қаласының одан ары қарай дамуының 2-кезеңіне келетін болсақ, ол 4 аумақта жүзеге асырылатын болады:

**1-аумақ** — аэропорт аумағына 100 орындық қонақ үй, 3 самолетке арналған ангар, 400 га қара өрік бағы, 50 га жерге жылыжай, 10 мың бас ірі қара бордақылау кешені, 1 200 бас тауарлы-сүт өндіру фермасы салынады.

**2-аумақ** — Әкімшілік-іскерлік орталығында теннис орталығы, мұз сарайы, ат-спорт кешені, демалыс орындары және инженерлік инфрақұрылымы жүзеге аспақ.

Сондай-ақ, 4,8 млн. шаршы метр тұрғын үй салынып, 46 мың пәтер пайдалануға беру жоспарлануда. Денсаулық сақтау саласында 570 орындық көп бейінді аурухана, жедел медициналық жәрдем станциясы, және Ана мен бала орталығы салынады.

**3-аумақ** — Б.Саттарханов даңғылы бойында спорттық кешен, Яссы желілік саябағы, ірі сауда орталықтары, 182 га университеттік ботаникалық бақ, Парк Лайн коттедж кешені салынады.

**4-аумақ** — Мәдени-рухани орталықта Құлтөбе қалашығының тарихи нысандарын қалпына келтіру, «Өзірет Сұлтан» музей-қорығының аумағын абаттандыру жоспарлануда.

Бұдан бөлек, Керуен Сарай тұрғын үй кешені, Аманат коттеджі қалашығы, Medina Palace қонақ үйі, Хилует мәдени-рухани орталығы салынады.

Жалпы, Түркістан қаласын дамытудың 2-кезеңінде инвестициялардың көлемі 1,3 трлн. теңге, оның 1 трлн. теңгесі немесе 77%-ы жеке инвестициялар болып табылады.

Жаңа Кешенді жоспарды іске асыру негізінде 2025 жылы жалпы өңірлік өнім көлемі 3,6 трлн теңгеге жеткізіледі.

\*\*\*

Брифинг соңында Түркістан облысының әкімі мірзақ Шөкеев ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар алаңында «Мемлекет басшысының Жолдауы аясында Түркістан облысының дамуы туралы» брифингінде республикалық және өңірлік БАҚ өкілдерінің және әлеуметтік желі белсенділерінің 40-тан астам сұрағына жауап берді. Әлеуметтік желі арқылы 100-ге жуық ұсыныс пен сұрақ түсті. мірзақ Естайұлы ол сұрақтар мен ұсыныстардың бәрін назардан тыс қалдырмай жауап беріп, қоғамға ашық есеп берді.

Әкімнің брифингі тікелей эфирде Facebook әлеуметтік желісінде 3000 рет, YouTube желісінде мыңнан аса қаралды. мірзақ Шөкеев өз баяндамасында Президент Жолдауының өңірде орындалу барысы мен 10 айдағы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері жайлы айтты.

Баяндамадан кейін спикер журналистерді қызықтырған сауалдарға жауап берді. Сұрақтардың басым бөлігі инфрақұрылымды дамыту, өңірді газдандыру, туризм, Түркістанның құрылысы мен болашақ жоспарлары, ауыл шаруашылығындағы жобалар, қуаңшылық, үш ауысымды мектептер мәселесін шешу, қолжетімді баспанамен қамту шаралары туралы болды. тік мәселелер қозғалып, нақты жауаптар айтылды.

Сол сияқты БАҚ өкілдерін облыстың жетістіктері де қызықтырды. Түркістанды дамыту бағытындағы жоспарлар да сөз болды. Тікелей және онлайн режимде қойылған сұрақтардың бәріне Түркістан облысының әкімі толыққанды жауап берді.

«Елбасымыз Түркістан қаласының туристік орталық ретінде жандануына тікелей қолдау көрсетіп, ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Орта Азия мен Қазақстандағы теңдессіз тарихи жәдігер киелі Қожа Ахмет Ясауи кесенесі орын тепкен қасиетті мекен бүгінде рухани және мәдени, сонымен бірге туризм кластеріне үлкен сұранысқа ие болып отыр. Дамудың жаңа сатысына көтерілген Түркістанның жаңа мәдени-әлеуметтік және өкімшілік орталығында түрлі ғимараттар бой түзеп келеді. Енді Түркістан түркі жұрты ғана емес, дүние жүзі туристері келетін шаһарға айналды. Осы жетістіктердің бәрін Тәуелсіздіктің жемісі деп санаймын», деген өңір басшысы Түркістанды дамыту бағытындағы жұмыс жалғасатынын, ауқымды жобалар жүзеге асатынын жеткізді.

Шолушы.

## ТҮРКІСТАНДЫҚ ДЕЛЕГАЦИЯ ӨЗБЕКСТАНДА БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БОЙЫНША ТӘЖІРИБЕ АЛМАСТЫ



Түркістан облысы әкімінің орынбасары Рашид Аюпов збекстан Республикасына жұмыс сапарымен барды. Мақсат – балық шаруашылығын дамыту бойынша келіссөздер жүргізіп, тәжірибе алмасу. Мемлекет бсшысы былтырғы халыққа арнаған Жолдауында балық шаруашылығын дамытуға ерекше көңіл бөліп, нақты тапсырмалар жүктеген болатын. Президент тапсыр-

масын жүзеге асыру мақсатында Түркістан облысында жүйелі жұмыстар атқарылуда.

Р.Аюпов бастаған топ «Түркістан облысының балық шаруашылығын дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасын» іске асыру және балық өнімдерін өндіруді арттыру бағытындағы жұмыстарды да негізге алып, бірнеше кездесу өткізді. Кездесулерге Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы, Инвестиция және экспорт басқармасы және «Түркістан» ӨКК» АҚ-ның қызметкерлері де қатысты. Олар збекстан Республикасының Сырдария облысында болып, көрші елдегі балық шаруашылығы, өндірістік кооперация және өнеркәсіп аймақтарымен танысып, тәжірибе алмасты.

Облыс әкімінің орынбасары балық шаруашылығы және өнеркәсіп саласындағы мүмкіндіктер мен жоспарларды таныстырды.

Бүгінде збекстан Республикасы балық шаруашылығы саласында елеулі табысқа жетіп жүр. Түркістан облысында да осы бағытта жұмыс жүргізіліп жатыр. Атап айтсақ, Шардараның балық өнімдері шетелде сұранысқа ие.

## ТҮРКІСТАНДА ӘЙЕЛДЕР КӘСІПКЕРЛІГІ ҚОЛДАУҒА ИЕ

Түркістан облысы кәсіпкерлер палатасында «Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту» орталығы ашылды. Ол Ынтымақтастық қорының, Ұлттық экономика министрлігінің, ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның және «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының әріптестігі аясында жүзеге асты. Осы әріптестік арқылы еліміздің барлық орталығы мен республикалық маңызы бар қалаларда ашылатын 17 орталықтың алғашқысы болды. Бастама Азия Даму Банкінің (АДБ) қаражаты есебінен қаржыландырылады және оны Қазақстандағы БҰҰ Даму бағдарламасы жүзеге асырады.

Ашылу салтанатына ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның төрайымы Ләззат Рамазанова, Ұлттық экономика вице-министрі Әлішер Әбдіқадыров, Түркістан облысының әкімі орынбасары Арман Жетпісбай, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарма төрағасы орынбасары Олжас Ордабаев және халықаралық ұйымдардың, дипломатиялық корпусның өкілдері қатысты.

Айтулы ісшара Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30-жылдығы және Әйелдер кәсіпкерлігінің халықаралық күніне орай ұйымдастырылды. Ұлттық статистика деректері бойынша Қазақстанда әйелдер басқаратын кәсіпорындардың үлесі 42,3%-ды құрайды. Олардың көпшілігі — осы саладағы жұмыс орындарының 31,4%-ын қамтамасыз ететін шағын және орта бизнес.

Ұлттық комиссия төрайымы Ләззат Рамазанова бұл орталықтың өңірдің экономикалық өлеуетін нығайтуға және жалпы отбасылардың әл-ауқатын



жақсартуға септігін тигізетінін атап өтті.

«Қыз-келіншектер кез келген сүйікті ісін табыс көзіне айналдырып, отбасының бюджетін молайта алатынын тәжірибемен көріп отырмыз. Десе де көп жағдайда жеке кәсіпті ашуда білімі жеткіліксіз болып жатады, кейде ынталандыру жетіспесе, енді біріне кәсіпті бастаған алғашқы кезеңдерде қолдау жетіспейді. ңірлердегі қолдау орталықтары қажетті біліктілік пен практикалық тұрғыдан көмек көрсететін ортақ алаң болуы тиіс. Табыс табуды үйренгісі келген кез келген қыз-келіншек, ауылдардан болса да, бұл орталықтарда тек кеңес алып қоймай, іс жүзінде қолдау мен көмек алатынын сезінетін болады. Орталықтар қыз-келіншектердің экономикалық мүмкіндіктерін арттырып қана қоймай, жалпы өңірдің экономикасын күшейте түсетініне сеніміміз мол», деді Ұлттық комиссия төрайымы Ләззат Рамазанова.

«Әйелдер кәсіпкерлігін дамытуды қолдау әйелдердің құқығы мен мүмкіндіктерін кеңейтуге, неғұрлым тұрақты экономикалық өсуге септігін тигізетін болады. Біз бұл бастаманы Қазақстанның түкпір-түк-

пірінде қолдауға қуаныштымыз», деп атап өтті БҰҰ ДБ-ның Қазақстандағы тұрақты өкілінің орынбасары Виталий Времиш.

«Елімізде жыл сайын кәсіпкер әйелдер саны артып келеді. «Бастау» жобасы арқылы оқыған түлектердің 50%-ы — нәзік жандылар. Биылдың өзінде палата арқылы қаржылай емес қолдау бойынша 188 мың кеңес берілсе, тең жартысын қыз-келіншектер алған. Бұл бастама Түркістанда әйелдер кәсіпкерлігін одан әрі дамытуға ықпал ететініне сенімдімін», — деп атап өтті «Атамекен» ҰКП басқарма төрағасының орынбасары Олжас Ордабаев.

Қолдау орталықтары арқылы кәсібін дөңгелетіп отырған іскер ханымдар мен жеке кәсіпті қолға алған қыз-келіншектерге қаржылай емес барлық қызмет түрлерінен қолдау көрсетіліп, жеке бизнес жобаларды іске асыруда практикалық көмек түрлері ұсынылатын болады. Онымен қоса оқыту тренингтері мен мастер-класстар ұйымдастыру, жеңілдетілген несие беру бағдарламаларына, кооперативтік қозғалыстарға тарту, дайын өнімдерді нарыққа өткізу аясын кеңейту жағынан көмек көрсету көзделген.



## ИНВЕСТИЦИЯ - ЭКОНОМИКАНЫ- ӨЗЕГІ

Алдағы үш жылда Түркістан облысында «Түркістан» индустриалды аймағында 5 инвестициялық жоба жүзеге асады. Инвестиция тарту бүгінгі таңда экономикалық көрсеткішті арттыратын ең тиімді әдіс. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев өзінің халыққа арнаған Жолдауында инвестиция тарту тиімді және бұл жұмыстарды жалғастыру керектігі жөнінде нақты тапсырма берген еді. Бүгінде Түркістан қаласының негізгі капиталына тартылған инвестиция көлемі 200 млрд 542,9 млн теңгені құрады. Бұл өткен жылдың тиісті мерзімімен салыстырғанда 84,4 пайызға артқандығын көрсетеді. Ал жоғарыдағы айтылған бес инвестициялық жоба 78 млрд 950 млн теңгені құрап отыр. Нәтижесінде 1 433 жұмыс орны құрылады. Бұл туралы брифингте 9 айда атқарылған жұмыстарды қорытындылаған қала әкімі Нұрбол Тұрашбеков мәлімдеді.

Сондай-ақ, үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы аясында « ңір-

лердің кәсіпкерлігін қолдау картасына» құны 11 млрд 106,4 млн теңгені құрайтын 15 жоба енгізілген.

« ңірдегі өнеркәсіп өнімінің көлемі 13 млрд 567 млн теңгені құрады. ңеркәсіп өнімі бойынша қаланың облыс көлеміндегі үлесі 2,9% құрап, облыстағы аудан-қалалар арасында 5 орында тұрақтады. 2021 жылы өнеркәсіп саласында жалпы құны 2 млрд 754 млн теңгені құрайтын 4 жоба іске асырылып, 1 367 жұмыс орны құрылды. Олар: «Turkestan Textile» БК» ЖШС тоқыма жіп өнеркәсібі, жоба құны 500 млн теңге, 1100 жаңа жұмыс орнымен; «Euro Blok Production» ЖШС газобетон блоктар зауытының құрылысы, жоба құны 113 млн теңге, 10 жаңа жұмыс орнымен; «Спецстрой» ЖШС, жоба құны 1 млрд 100 млн теңге, 241 жұмыс орнымен; «ЕКР-Group 878» ЖШС бетон зауытының құрылысы, жоба құны 1 млрд 41 млн теңге, 16 жаңа жұмыс орнымен», - деді Нұрбол Әбдісаттарұлы.

## «АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ» ЖОБАСЫНЫ- ЕЛДІМЕКЕНДЕРДІ ДАМУҒА СЕПТІГІ МОЛ

Түркістан облысы бойынша 2021 жылы «Ауыл — Ел бесігі» жобасы аясында 302 жобаны іске асыруға бюджеттен жалпы 16,1 млрд.теңге бөлінді. Нәтижесінде өңірде қосымша 8 мектеп салынып, 10 мектеп күрделі жөндеуден өтеді. Бір дәрігерлік амбулатория бой көтеріп, 4 денсаулық сақтау нысаны күрделі жөндеумен қамтылуда. Сонымен бірге 2 спорт нысаны, 2 мәдениет нысаны, 15 табиғи газбен қамтамасыз ету және 13 электр қуатымен жабдықтау нысаны да жоспарға сай салынып жатыр. 300-ге жуық ішкі көшелерге орташа жөндеу жүргізілуде. Бұл жайлы бүгін Түркістан облысының әкімі мірзақ Шөкеевтің төрағалығымен өткен аппарат отырысында баяндалды.

«Ауыл — Ел бесігі» жобасының іске асыру барысы тұрақты бақылауда. з сөзінде Түркістан облысының стратегия және экономикалық даму басқармасының басшысы Қанат Қайыпбек жобаларды іске асыру барысында 2 мыңнан астам жұмыс орны құрылғанын атап өтті. Жыл соңына дейін 291 нысанды пайдалануға тапсыру жоспарланса,

25 нысан келер жылға өтпелі. Бүгінгі таңда 209 нысанның жұмыстары аяқталып, пайдалануға қабылданды. Оның ішінде 4 мектеп, 3 денсаулық сақтау нысаны күрделі жөндеуден, 201 көше орташа жөндеуден өтті, және 1 электрмен жабдықтау нысанының құрылысы аяқталды.

Қалған нысандар кестеге сәйкес жыл соңына дейін тапсырылады. Нәтижесінде жыл қорытындысымен 86 елді мекенге жаңғырту жұмыстары жүргізіледі. 10 елді мекендегі мектеп және 4 елді мекендегі денсаулық сақтау ұйымдары күрделі жөндеуден өтіп, бір елді мекенде жаңадан 75 орындық дәрігерлік амбулатория, 1 елді мекенде спорт кешені және 2 елді мекенге мәдениет нысандары бой көтерді. 10 елді мекен табиғи газбен қамтылып, 9 елді мекенге жаңа электр жүйелері тартылады. 49 елді мекенде ұзындығы 390 шақырым 255 көше орташа жөндеуден өтеді.

ңір басшысы жауапты өкілдерге аталған нысандарды сапалы әрі уақтылы тапсыруды, ауылдың еңсесін тіктейтін жобаларға жауапкершілікпен қарауды жүктеді.

**Бетті дайындаған: Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.**



Облыс орталығы атангалы Түркістанда жаңа мәдени, рухани және сәулетті нысандар бой көтеріп, туристердің қызығушылығын айтарлықтай өсірді. Сәйкесінше, жергілікті туроператорлар туристерді көбірек тарту үшін көрсететін туристік қызметтердің ауқымы жылдан жылға арттырып келеді. Яғни Түркістан облысына қарасты өзге аудандардағы тарихи - архитектуралық ескерткіштері бай өлкелерді туристік бағытқа қосып өз ұсыныстар санын арттыруда. Соның бірі-Түркістан қаласына іргелес жатқан Қаратаудың етегіндегі Кентау қаласы.

Қарнақтағы қарт ағаштың құпиясы. Ұкаш атаның үлкен мазары мен құдығының қасиеті. Ханның қаны қалған

Егер ағаштың жапырағын жұлып, зиян тигізсе сол адамның түсіне небір қорқынышты оқиғалар кіреді дейді. Алып ағаш қартайғанымен, көгеріп, көктеп тұруға деген құлшынысы жойылмаған. Жанында Имам Бақли мазары бар. Саяхатшылардың көпшілігі құран оқып, зиярат етіп жатады.

\*\*\*

Қарнақ ежелден өндірісі дамыған қалашық болған. Қожа Ахмет Яссауи кесенесінде тұрған атақты Тайқазан осы Қарнақта құйылып, жасалған. Бірнеше медресе болған мекенде Шаммат-Ишан музейі бар. Бұл гимарат 18 ғасырдың соңында халықтың сауатын ашу мақсатында салынған. Көне заманның иісі бұрқырап тұрған гимарат кіші ақсарай, үлкен ақсарай



Хантагының хикаясы. Ащысайға апарар таңгажайып жол. Мұның барлығы туристер үшін гажайып мекен деп айтсақ артық айтпағандығымыз.

\*\*\*

**Қарнақтағы қарт ағаштың құпиясы.** Бұл ағаш Кентау қаласына қарасты Қарнақта өсіп тұр. Атадан қалған мұра. Тамыры тереңге кеткен тұт туралы түрлі аңыздар айтылады. 8 ғасырда ислам дінін таратқан діндар Имам Бақли жылқысын байламақ болып, қазық етіп ағашты қадап кеткен. Содан бері өсіп-өніп тұр. Ал, келесі бір аңыз әңгімеде Пайғамбарымыздың әскербасылары осы маңнан өтіп бара жатып, шыбықты қадап кеткен деседі. Нақты зерттелмеген. Ата-бабадан ауызша айтылып келе жатқан тарих. Тұт ағашын жергілікті тұрғындар «мәжратұт» деп атайды.

Ортасын шірік кеулеп, бойбой болып жарылып жатса да жан-жағынан бұталар өскен.

болып екіге бөлінеді. Кішісінде қылуат бар. Жаздың аптап ыстығында сол жер астындағы орында Аллага құлшылық жасайтын болған.

Үлкен ақсарайда шәкірттер білім нәрімен сусындап, мешіт рөлін атқарған. Кейін жетім балалар үйіне беріліп, 1928 жылға дейін пайдаланған. 1982 жылдары гимарат қараусыз қалып, тоз-тозы шығады. Жергілікті тұрғындардың ептілігімен 2005 жылы мұражай болып ашылып, Қаратау төжінің киелі кешені болып тұр. Кезінде Меккеге сапар шеккен Құнанбай да осы жерде ілімін жетілдірген деген дерек бар.

\*\*\*

Кентау қаласына саяхат жасайтын болсаңыз Ұкаш ата есімімен байланысты киелі орынға таза ниетпен барсаңыз, өкінбейсіз. йткені, кереметке толы құдық пен сахабаның қабірі жатқан кесене жайлы өте қызық деректерді естисіз. Ұкаш ата ел арасында аңыз тұлға ретінде танымал. Түркістан қала-

**Көне мен қазіргі заман тоғысқан өлке-Түркістан өңірі. Рухани орда - Ұлы Жібек Жолының орталығында, мыңдаған жылға жуық тарихы бар мекен. Бұл мекен сондай-ақ, республиканың өзге жерлерімен салысырғанда бірегей мәдени мұрасы, дәстүрлі қолөнері, халқының қонақжайлылығы және тәтті тағамдарымен ерекшеленеді.**

## Кентау ҚАЛАСЫНЫҢ ҚҰПИЯЛАРЫ



сынан 50 шақырым қашықта, Серт елді мекенінде орналасқан. Оқ өтпес, қылыш кеспес Алла берген қасиет дарыған Ұкаш ата заманында алып денелі батыр болған. Дінге қарсы жаулар өлтірмекке бекінгенмен, ешбір амал табалмайды. Тек осал тұсы таң намазын оқығанда буындары босансып, әлсіз күйге түсетін болған. Бұл құпияны күндердің-күнінде Ұкаш ата бәйбішесіне ашып айтады. Мұны естіген жаулары намаз оқып отырған сәтін аңдып, басын шауып түсірген. Бас сүйегі домалап барып, екі қырдан асқан көрінеді. Орнында құдық бар. Ал, денесі жерленген мазар басына 21 метр белгі соғылған. Оның себебіне құлақ түрейік.

\*\*\*

Мұхаммед Пайғамбардың сенімді серігі болған Ұкаш ата құдығы бір тылсым күшке ие. Шелекті тереңге тастағанда біреуге су беріледі, біреулер қанша рет тастасада су ілінбейтіні бар. Егер су берілсе онда жолы болғыш, бақытты адам деген халық арасында пікір қалыптасқан. Бірақ имамдар күдерді үзбеу керек деп, оның сырын өзгеше түсіндірді.

\*\*\*

Кентауда Хантагы деген аймақ бар. Ол аймақтың хикаясын білесіз бе? Егер тауына шығып, ханның тағына отырып көрмеген болсаңыз онда бағдарлама аясында саяхат жасаңыз. Қалың қатпарлы тарих беттерін парақтап, табиғаттың тамашасын көзбен көрейік деп тау басына өрмеледік. Көрінген таудың алыстығы жоқ емес пе, биік шыңға шығайық деп келеміз. Туризмнің жауһарына айналған жұмбақ жаратылысқа

бас шайқамасқа амалың қалмайды. Он сегіз мың галамның құпиясын ішіне бүгіп жатқандай жартастардың әдемі көрінісі таңдай қақтырып, таң қалдырады. Өттең осындай байлықтың қадірін білмей жатқандаймыз.

\*\*\*

Қаншама дәуірді көрген таудың биігінде ханның тағы бар. Ұшар басына шығып, қай дәуір екенін ешкім білмейтін жерді көрдік. Самал жел есіп тұр. Тақтың саясында паналап отырып айналаға көз салдық. Қарасақ кең байтақ ұлан гайыр жер жатыр. Таулы жер бұлақсыз болмас деп ағып жатқан өзендер мен жылгаларда көрінеді. Жұмыр жерде туризмді дамытса гой шіркін. Айнала анық көрінетін Хантагы тауының аңыз әңгімесі де саяхатшыларды еліктіріп, өзіне тартары сөзсіз.

\*\*\*

Хантагы. Яғни, тағы да қан деген екі ауыз сөзден құралса керек. Осылайша бұл аймақ тарихи атауды иемденіп отыр. Етегіне төмен түсіп, аздап жол жүрсеңіз тағы бір алтынға айырбастамас байлыққа куә боласыз. Бірақ жету үшін өзенкөлдерді кешіп өтуге мәжбүр болдық. Тәжірибелі жүргізуші болмаса көлігіңіз суга батып, бел ортасында тұрып қалуыңыз да ықтимал екен. Дегенмен, сол сәттің өзі де көңілді сергітіп, естен кетпес естеліктер сыйлайды. Мөп-мөлдір өзен суы адамды бойлайды. Терең болсада түсуге ыңғайлы жерлер бар екен.

\*\*\*

Қаратау қорығы болып есептелетін бұл аймақ 34 мың гектар. Қазақстанның қызыл кітабына енген өсімдіктер мен жан-

жануарлар мекен етеді. Болашақта экологиялық туризмнің жауһарына айналады деген жоспар бар.

Заңғар жазушы Мұхтар Әуезов тамсанып, «Қаратау төжі» деп атап кеткен Кентау кезінде Кеңес одағы үшін үлгілі қала болған. Шаһарды құрудағы мақсат Ащысай полиметалл кенішіндегі жұмысты жүргізу үшін еді. Сондықтан бағдарлама барысында Кентаудың қара шаңырағы болып есептелетін Ащысайға тоқталмай кету әбестік болар.

\*\*\*

Ащысай. Жер жаннаты. Әйгілі болған мекен. Кезінде Қазақстанның түсті металлургия саласындағы ірі өндіріс орындарының бірі еді. Екінші дүниежүзілік соғыста майданға қажетті қорғасынның жартысынан астамын берген кең орны қазір қалың ұйқыда. Тып-тыныш. Туризмнің нағыз отаны болуға лайықты жердің таулары да үнсіз қалғып жатқандай.

\*\*\*

Қарт Қаратаудың етегіндегі Ащысай тауы көздің жауын алып тұр. Тастарды қолмен қалап қойғандай қабатты жартастар, қыраттары әдемі. Тарихты да, табиғатты да ұштастырған өлкемен қалай мақтансақ та жарасады. Тек туристі тартып, тірлікті жандандыру қажет-ақ.

\*\*\*

Жалпы Түркістан өңірі әртүрлі дәуірдегі жүздеген сәулет ескерткіштері бар ең үлкен мекендердің елі. Сайрам, Бөйдібек, Отырар, Шардара, Ордабасы аудандары өзінің ежелгі архитектуралық тарихи ескерткіштерімен мәлім болса, Төлеби, Түлкібас, Қазығұрт аудандары тамылжыған табиғатымен эко-туристерді тәнті етеді. Ал Шардараның шөлді жері мен суы сахара мен жагажай туризмінің сұранысын қанағаттандыруы бек мүмкін. Яғни, Түркістан өлкесінің тарихи, археологиялық, сәулеттік және табиғи орындармен саяхаттау - бұл жағымды жаңалықтарға толы нағыз шытырман оқиға. Республиканың өзге аймақтарымен салыстырғанда Түркістан облысы мәдени-тарихитанымдық-экологиялық саяхаттар нарығында көшбасшы болып табылады.

Ежелгі қоныстар, қыш әшекейлермен керемет безендірілген биік мұнаралар, мешіттер мен кесенелерді бір көргенде ешашан ұмытпайсыз. Ал шулы әсем шығыс базарлары мен жергілікті халық қонақжайлылығы, исі бұрқыраған тәтті тағамдар, тандырма піскен сан алуан нандар сіздің есіңізде мәңгі сақталады деген сенімдеміз.

Мақтасы мен бау-бақшасы, тынымсыз базары мен шебер қолөнершілері бүгінде атабабадан қалған өндіру әдістерін пайдаланағатын бірден бір өлке.

Тізе берсең туристерді бейжай қалдырмайтын таңгажайыпқа толы өлкеге тек «ҚОШ КЕЛДІ-ІЗ» дегім келеді.

**Ұлжан НАУШАБАЕВА.**

# Аймақ тынысы

## Бәйдібек ауданы

### АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДІЛІГІ АРТТЫ

